В самом начале кризиса президент США Г. Гувер (1929–1933) попытался стабилизировать ситуацию через применение тактики успокаивающих заявлений и экспертных оценок, но данная тактика не возымела успеха, и падение экономики продолжилось. Уже в декабре 1929 года Г. Гувер проводит конференцию с крупными бизнесменами. Президент обещал привлечь многомиллионные инвестиции в строительную отрасль, в свою очередь крупный бизнес обязался вложить в промышленность и железнодорожную отрасль порядка трех млрд долларов. Также государство предполагало сократить подоходный налог, а бизнес обещал не увольнять

рабочих и оставить заработные платы на прежнем уровне. Несмотря на предпринятые действия, остановить падение экономики не удалось [8].

В 1930 году кризис коснулся сельскохозяйственной сферы, прежде всего, это выразилось в падении стоимости производимой продукции. Снижение стоимости не остановилось даже в результате низкого урожая и засухи. Падение стоимости была связано с комплексом внешних и внутренних причин. К внешним причинам можно отнести продажу СССР большого количества дешевого зерна. Так, «всего за 1930–1933 гг. из СССР в Европу было вывезено свыше 12 млн т. хлебных культур. Вырученные от их продажи деньги составили 442 млн 109 тыс. рублей» [9, с. 106]. Однако более губительными для падения сельского хозяйства были внутренние проблемы. Так, действовавший в конгрессе США «фермерский блок» продвинул ряд законов благодаря которым удалось внедрить широкую систему субсидирования, кредитования и гарантированного приобретения продукции, что привело к поддержанию высоких цен. Несомненно, что такая институционализация финансовых механизмов по «поддержке» высокой стоимости продукции имела негативные последствия.

Институциональное оформление финансовых организаций, приведших в итоге к катастрофе, началось еще при президенте К. Кулидже. Им была создана специальная комиссия из представителей крупных фермерских организаций, которой была отведена главная роль в развитии сельского хозяйства. По мнению М. Ротбарда, «в 1925 г. эта комиссия – президентская сельскохозяйственная конференция – выпустила три доклада. Она рекомендовала выделение дополнительных кредитов по линии Совета по фермерским ссудам, дальнейшее принудительное снижение тарифов на перевозку и выделение в значительных масштабах субсидий фермерским кооперативам через Федеральный комитет по делам закупочно-сбытовых фермерских кооперативов» [10, с. 330].

Следует отметить, что активную роль в продвижении протекционистской политики проводил сам Г. Гувер будучи еще министром торговли. Тогда Г. Гувер продвигал идею поддержки фермерских кооперативов субсидиями. Став президентом США, Г. Гувер активизировал свою работу в данном направлении. Уже в первый год своего президентства Г. Гувер выделил 500 млн долларов Федеральному комитету по делам фермеров (ФКДФ). В компетенцию Комитета входили полномочия по предоставлению фермерам нецелевых ссуд. Ссуды выдавались под низкие проценты до двадцати лет. Комитет практиковал создание стабилизационных корпорации управлявшие излишками «сельхозпродукции и поддержанием цен на продукцию фермерских хозяйств» [10, с. 332].

Попытка ФКДФ удержать цены на сельхоз продукцию не имела успеха, более того, усугубила кризис, поскольку неэффективно использовала 150 млн долларов на закуп продукции осенью 1929 года. В фарватере ФКДФ действовали различного рода узкоотраслевые корпораций, например хлопководстве, животноводстве, картофелеводстве и др. Так, учрежденная Фермерская национальная зерновая корпорация (ФЗНК) занималась координацией работы различных закупочно-сбытовых коопераций. Гарантированный сбыт продукции через налаженную систему выделения ссуд и кредитования в рамках деятельности ФНЗК и созданной Зерновой стабилизационной корпорации привели к перепроизводству зерна в США в 1930 году, что усугубила кризис.

К сожалению, неспособность финансовых институтов своевременно приспособиться к изменяющейся действительности и лоббирование групп, требовавших сдерживания цен, усугубили положение дел во всех сферах сельского хозяйства – шерстеной, хлопководческой, картофелеводческой и других отраслях.

Падение цен на сельскохозяйственную продукцию привело к массовым протестам фермеров, приобретшим в начале лета 1932 года форму забастовки и саботажа. Так, фермеры перестали продавать свою продукцию, более того, крупные фермерские объединения оказывали физическое воздействие на тех, кто не поддерживал их действия. Однако процесс падения было уже не остановить.

Кризис усугубился в результате того, что большинство граждан США имело большие потребительские кредиты. Миллионы американских семей, гонимые новыми социокультурными установками потребительской культуры, набирали долги и финансовые обязательства. К тому же, на бирже большая часть акций стала покупаться в кредит через банки. Американцы пытались использовать получаемый инвестиционный доход и выгодную продажу акций для погашения кредита и получения прибыли. По мнению историка Б. М. Штопова, «банковские кредиты, к которым прибегали брокеры, чтобы кредитовать своих клиентов, под залог тех же ценных бумаг. Эти кредиты были ссудами до востребования из расчета 12–13 % годовых. Высокий процент привлекал не только американских, но и зарубежных банкиров» [11, с. 49]. Таким образом, было очевидно, что экономика США стала перегреваться. Фактически биржа в США до кризиса 1929 года стала представлять собой финансовую пирамиду, в которой проводились спекуляции. Естественно, что все это оказало пагубное влияние на экономику.

Политика 32-го президента США Ф. Рузвельта по выводу страны из кризиса, получившая название «Новый курс», изменила всю экономическую и

социально-политическую парадигму государства. Перед новой администрацией стояли трудные задачи, потребовавшие от нее быстрых и системных решений. Общепринято традиционно выделять хронологические рамки кризиса США 1929–1933 годам. Однако следует подчеркнуть, что приход нового президента США Ф. Рузвельта в 1933 году сам по себе не свидетельствовал о преодолении кризиса. 1933 год определен многими исследователями как последний год кризиса прежде всего по той причине, что начали приниматься концептуально отличающиеся от прежних меры.

Так, С. Ф. Рузвельт подверг критике несправедливую и неадекватную систему налогообложения, которая не обеспечивала справедливого распределения национального богатства. Фактически бесконтрольный рост доходов представителей бизнеса не сказывался положительно на доходности большей части населения. Ф. Рузвельт направил политические ресурсы на снижение возникшего дисбаланса в доходах среди граждан. Благодаря этим преобразованиям была определена траектория социальных трансформаций, позволившей закрепить механизмы так называемой «распределительной справедливости».

Формирование Нового курса Ф. Рузвельта стало возможным благодаря рациональным социокультурным установкам американского общества и влиянию кенсианской методологии. Политический опыт и прагматизм Ф. Рузвельта в тандеме с идеями экономиста и философа моралиста Дж. Кейнса позволили по-новому взглянуть на проблему человека в обществе. Дж. Кейнс в своей фундаментальной работе 1936 года «Общая теория занятости, процента и денег» изложил важные концепты касательно распределения доходов в обществе. Еще ранее, в 1933 году, своими базовыми идеями он поделился Ф. Рузвельтом, направив последнему открытое письмо.

Таким образом, знания в области политэкономической теории и социально-политические практики позволили Ф. Рузвельту по-новому взглянуть на проблему распределения доходов в государстве.

Уже в конце 30-х годов XX века США благодаря Новому курсу Ф. Рузвельта смогли восстановить основные сектора экономики, ВВП на душу населения стал чуть выше по сравнению с 1929 годом. Окончательно страна вышла из кризиса уже в период Второй мировой войны.

Кроме серьезных экономических последствий кризис вызвал к жизни глубокие социальные проблемы в США. Великая депрессия 1929–1933 гг. привела к росту самоубийств, их количество составило около 2 % от всех смертей [12].

Безусловно, любой экономический кризис всегда приводит к росту числа безработных, маргинализации части населения. В период Великой

депрессии стали процветать бандитские группировки, которые экономически усилились благодаря действию «сухого закона» 1920–1933 гг. В результате кризиса активизировались гангстеры, безработная молодежь грезилась желанием пополнить ряды криминальных группировок.

К сожалению, образ гангстера получил популяризацию благодаря Голливуду. Исследователь голливудского кино периода 30-х годов XX века Томас Догерти приводит следующие данные: «В 1930 году гангстерские сюжеты составляли одиннадцать процентов от продукции голливудских студий. Тогда как в начале следующего года их доля выросла до двадцати процентов. В принадлежащем Уорнер Бразерз огромном нью-йоркском кинотеатре «Стрэнд Тиэтр» первый гангстерский хит «Маленький цезарь» демонстрировали одиннадцать раз в сутки, с ночным перерывом всего лишь на пять часов. В общей сложности, суммировал журнал «Вэрайети», гангстерский цикл был очевидно наиболее прибылен коммерчески, нежели любой другой» [13, с. 20]. Естественно, что такая популярность тематики позволила рекрутировать молодое поколение американцев в криминалитет.

Нараставшие социально-экономические проблемы привели к тому, что государство стало активным актором не только в экономике, но также и в социальной сфере.

Выводы

Констатируя причины кризиса 1929–1933 гг. в США, можно заключить, что во многом он был обусловлен доминированием интересов крупного бизнеса и слабостью государственных институтов. В США государство-бизнесмен через институт парламентаризма лоббировало интересы крупного бизнес-сообщества, игнорируя не только простых граждан, но и рыночные законы, серьезно ограничивая конкуренцию. Созданные различного рода ассоциации поддерживали предпринимательство, и игнорировали социальную сферу.

Ликвидация возникшего диссонанса в доходах населения стало главной проблемой администрации Ф. Рузвельта, которая решалась благодаря институциональным изменениям в социально-политической и экономической сферах. Политика Ф. Рузвельта стала в некотором роде хрестоматийной в деле выхода из кризиса.

Важным достижением Нового курса Ф. Рузвельта стало реформирование налоговой системы. Внедрение прогрессивного налогообложения позволило преодолеть перекоп в доходах. Если до кризиса богатые американцы платили от дохода 20 %, то теперь налоги, в зависимости от прибыли, могли достигать до 88 %. Минимальная налоговая ставка составила 18 %.

В ходе реализации Нового курса удалось урегулировать банковско-финансовую систему США. Государство оказало финансовую помощь

перспективным банкам, способных противостоять негативным экономическим трендам. Чтобы вернуть деньги населения в банки, была введена система страхования банковских вкладов.

Впервые была введена система государственного контроля над фондовым рынком, биржами, выпуском и обращением ценных бумаг. Данные меры стали серьезным препятствием на пути дальнейших биржевых спекуляций.

Также впервые были зафиксированы минимальная заработная плата и максимальная продолжительность рабочего дня, которые получили окончательное оформление в 1938 году. Эти достижения были закреплены институционально благодаря законодательному усилению профсоюзных организаций. Укрепление профсоюзов значительно ослабило левые политические организации США, особенно после принятия закона о национальных трудовых отношениях (National Labor Relations) от 1935 года. Благодаря изменению законодательства американские предприниматели больше не смогли применять антимонопольное законодательство против профсоюзов, тем самым механизм разобщения рабочего движения был ликвидирован. Законодательные новеллы, предоставлявшие профсоюзным организациям больше прав, позволили им создавать свои филиалы на предприятиях без ограничения, а также закрепили право рабочих вступать в них. Также изменения позволили объединиться рабочим группам в борьбе за свои права, в результате чего численность профсоюзов возросла более чем в три раза. Фактически во всех организованных профсоюзами стачках удавалось добиваться выполнения требований рабочих. За десять лет после принятия закона о Национальных трудовых отношениях рабочие добились увеличения заработной платы на 80 %.

В целях снижения социального напряжения началось внедрение системы социального страхования по старости и безработице. Данные изменения привели к относительной гармонизации общественных отношений.

В целях роста занятости государство стало организовывать общественные работы, в которых были заняты миллионы человек. Несмотря на то что действовавшая система общественных работ была далека от совершенства, она получила одобрение у многих американцев.

В сфере промышленности и сельского хозяйства был достигнут паритет цен, государство регулировало объем произведенной продукции.

Одновременно с решением социальных проблем особое внимание власти уделили кинематографу как средству популяризации образа жизни. С середины 30-х годов XX века меняется сюжетная траектория производимых фильмов. Герои художественных фильмов преступники и проститутки стали освещаться в негативном свете. Во многом это стало возможным в результате начала действия «Производственного кодекса», когда не рекомендовалось демонстрировать

сцены насилия. Данный кодекс в истории получил название «Кодекс Хейса». Кодекс был принят в 1930 году, его нормы начали действовать с 1934 года. Несмотря на то что Кодекс защищал религиозные нормы и принципы расизма и впоследствии был отменен, это позволило ужесточить контроль голливудской тематики, касающейся гангстеров, и привело к существенному снижению распространения криминальных идеалов.

Все проводимые преобразования в контексте Нового курса Ф. Рузвельта были поддержаны всеми политическими акторами как в Конгрессе США, так и населением. Успех Нового курса был предопределен экзистенциальной парадигмой великого политического деятеля XX века, к коим относится Ф. Рузвельт. Ему удалось создать новую модель социального государства. Впоследствии стержневая идея Нового курса нашла отражение в фундаментальном документе, появившемся после его смерти – Всеобщей декларации прав человека.

Всеобщая декларация прав человека была принята Генеральной Ассамблеей ООН резолюцией 217 А от 10 декабря 1948 года. В статье 22 Всеобщей декларации прав человека прописано, «каждый человек, как член общества, имеет право на социальное обеспечение и на осуществление необходимых для поддержания его достоинства и для свободного развития его личности прав в экономической, социальной и культурной областях через посредство национальных усилий и международного сотрудничества и в соответствии со структурой и ресурсами каждого государства» [14].

Над созданием этого документа работали известные ученые, мыслители и гуманисты, такие как д-р Шарль Малик (Ливан), Александр Богомолов (СССР), д-р Пенг-чун Чанг (Китай), Рене Кассэн (Франция), Чарльз Дьюкс (Соединенное Королевство Великобритании и Северной Ирландии), Вильям Ходжсон (Австралия), Эрнан Санта Круз (Чили), Джон П. Хамфри (Канада). США представляла в этом творческом коллективе Элеонора Рузвельт супруга 32-го президента.

После Великой депрессии изменилась парадигма восприятия экономики. Теперь главным приоритетом экономики стал рост доходов населения, а не безудержный рост богатства у ограниченной группы и не бездумное кредитование бизнес-процессов. Осознание предпринимателями того, что снижение доходности населения существенно снижает возможности получения ими прибыли стало главной парадигмой. Несомненно, что прежде чем дойти до этой аксиомы американская экономика прошла долгий и тернистый путь. Уроки кризиса привели США к тому, что стали особое внимание уделять системе оплаты труда. Рост доходов населения положительно сказался на развитии человеческого капитала.

Опыт Великой депрессии для нашей страны очень ценен. В Казахстане имеют большое влияние различные олигархические группы, которые действуют во всех отраслях казахстанской экономики, отчасти это напоминает нам процессы, которые происходили до 1929 года в США. Разница в том, что в современном Казахстане репрессивность действующего законодательства в экономической сфере высока, что, естественно, привело нас к снижению частной инициативы. Даже в уже изменившихся новых политических реалиях фискальные органы предпочитают педалировать угрозы в контексте проверок банковских переводов физических лиц, вместо выработки действенных механизмов выхода неподконтрольной экономической деятельности из тени. Возможно, налаживание новой системы социально-политических и экономических отношений Второй республики позволит учесть исторический опыт и положительные практики.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Hofstadter, R.** American Political Tradition. – New York : Random House, 1948. – 560 p.
- 2 **Hofstadter, R.** The Age of Reform. From Bryan to FDR. – New York : Knopf, 1955. – 352 p.
- 3 **Schlesinger, A. M., Jr.** The Age of Roosevelt. Vol. I. The Crisis of the Old Order. – New York : Mariner Books, 2003. – 576 p.
- 4 **Berthoff, R.** An Unsettled People : Social Order and Disorder in American History. 4. – New York : Harper and Row, 1971. – 528 p.
- 5 **Kirk, R.** The Roots of American Order. La Salle : ISI Books, 1992. – 588 p.
- 6 **Фридман, М., Шварц А.** Монетарная история Соединенных Штатов 1867–1960 гг. – Киев, 2007. – 880 с.
- 7 **Согрин, В. В.** Экономический кризис 1929-1933 гг. в США и современность // Вестник МГИМО Университета. – 2009. – № 3–4. – С. 3–18.
- 8 **Friedman M., Jacobson Schwartz, A.** A Monetary History of the United States, 1867–1960. Princeton : Princeton University Press (for the National Bureau of Economic Research), 1963. XXIV. – 860 pp.
- 9 **Назаренко, Н. Н., Башкин, А. В.** Экспорт зерновых начала 30-х гг. XX в. в контексте голода 1932–1933 гг. // Новейшая история России. – 2016. – № 3. – С. 105–120.
- 10 **Ротбард, М.** Великая депрессия в Америке. – М. : ИРИСЭН, Мысль, 2012. – 522 с.
- 11 **Шпотов, Б. М.** «Великая депрессия» в США // Экономическая история. – 2009. – № 7. – С. 48–52.

12 **Tapia Granados J. A., Diez Roux, A. V.** Life and death during the Great Depression. [Электронный ресурс]. – URL : // <https://doi.org/10.1073/pnas.0904491106> (Дата обращения 14 марта 2022).

13 **Захаров, Д. В.** Кино США в период Великой депрессии. Фаза «социального беспокойства» // Вестник ВГИК. – 2013. – № 16. – С. 17–31.

14 Всеобщая декларация прав человека 10 декабря 1948 года. [Электронный ресурс]. – URL : // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml (Дата обращения 17 апреля 2022).

REFERENCES

- 1 **Hofstadter, R.** American Political Tradition. – New York : Random House, 1948. – 560 p.
- 2 **Hofstadter, R.** The Age of Reform. From Bryan to FDR. – New York : Knopf, 1955. – 352 p.
- 3 **Schlesinger, A. M., Jr.** The Age of Roosevelt. Vol. I. The Crisis of the Old Order. – New York : Mariner Books, 2003. – 576 p.
- 4 **Berthoff, R.** An Unsettled People: Social Order and Disorder in American History. 4. – New York : Harper and Row, 1971. – 528 p.
- 5 **Kirk, R.** The Roots of American Order. La Salle : ISI Books, 1992. – 588 p.
- 6 **Fridman, M., Shvarc, A.** Monetarnaja istoria Soedinennyh Shtatov 1867–1960 gg. [Monetary history of the United States 1867–1960]. – Kiev, 2007. – 880 p.
- 7 **Sogrin, V. V.** Ekonomicheskij krizis 1929–1933 gg. v SSHA i sovremennost' [The economic crisis of 1929-1933 in the USA and modernity] // Vestnik MGIMO Universiteta. – 2009. – № 3–4. – P. 3–18.
- 8 **Friedman, M., Jacobson Schwartz, A.** A Monetary History of the United States, 1867–1960. Princeton : Princeton University Press (for the National Bureau of Economic Research), 1963. XXIV. – 860 pp.
- 9 **Nazarenko, N. N., Bashkin A. V.** Eksport zernovykh nachala 30-h gg. XX v. v kontekste goloda 1932–1933 gg. [Export of cereals in the early 30 s. 20th century in the context of the famine of 1932–1933] // Novejshaja istorija Rossii. – 2016. – № 3. – P. 105–120.
- 10 **Rotbard, M.** Velikaja depressija v Amerike [Great Depression in America]. – М. : ИРИСЭН, Мысль, 2012. – 522 p.
- 11 **Shpotov, B. M.** «Velikaja depressija» v SSHA [«Great Depression» in the USA] // Ekonomicheskaja istorija. – 2009. – № 7. – P. 48–52.
- 12 **Tapia Granados, J. A., Diez Roux, A. V.** Life and death during the Great Depression. [Electronic resource]. – URL : // <https://doi.org/10.1073/pnas.0904491106> (Access date 14 марта 2022).

13 **Zaharov, D. V.** Kino SSHA v period Velikoj depressii. Faza «social`nogo bespokojstva» [Cinema in the United States during the Great Depression. Phase of «social anxiety»] // Vestnik VGİK. – 2013. – № 16. – P. 17–31.

14 Vseobshhaja deklaracija prav cheloveka 10 dekabnja 1948 goda. [Universal Declaration of Human Rights] [Electronic resource]. – URL: // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml (Access date 17 апреля 2022).

Материал поступил в редакцию 22.06.22.

*А. Қ. Ешмұратов

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханалары,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.
Материал 22.06.22 баспаға түсті.

ҰЛЫ ДЕПРЕССИЯ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫ. БІЗ ТАРИХТАН САБАҚ АЛАМЫЗ БА?

Адамзат дағдарыс пен дағдарыс аралығында дамиды. Шынтуайтында, дағдарыс адамдардың іс-әрекетінің нәтижесі ретінде өмірдің қалыпты нормасына айналғандай. Ұзақ уақытты қамтитын эволюция барысында адамзат та, мемлекеттер де, қоғамдар да дағдарысты еңсерудің түрлі жолдарын табуға төселіп алды. Дағдарыстан аман шығу құралдарын таба білу көбінесе бұл адамдарға үнемі ізерлі түрдегі адекватты іс-әрекет алгоритмінің қажеттігіне байланысты қашанда ғылыми ойға серпін беретін. Ұсынылып отырған мақалада автор 1929–1930 жылдары АҚШ-дағы ұлы дағдарыс оқиғаларының мазмұнын ашады. Дағдарыс АҚШ тарихындағы ең бір қайғылы беттерінің бірі болды. Жаппай жұмыссыздық пен үй-күйсіз қалғандардың көбейіп кетуі Гувервилльдердің (қазіргі Фавелалар мен жапсарлас жазғы үйлерге ұқсас жер кепелер мен лашықтардан тұратын аудан) пайда болуына алып келді.

Жұмыста Қазақстанның шынайы жағдайымен тарихи ұқсастық іздестіруге ұмтылыс бар. Дағдарыстың себебін анықтай отырып, автор осыған басты түрткі болған олигархтардың рөліне ерекше назар аударады. Теңгермелі әрі әділ әлеуметтік-экономикалық саясатты құрудың арқасында АҚШ терең дағдарыстан шыға алды. Әлбетте, Ф. Рузвельттің адами капиталды дамытуға бағытталған

саясаты кейіннен америкалық қоғамның орасан зор жетістіктерге жетуіне мүмкіндік берді.

Кілтті сөздер: олигархия, институттар, екінші республика, саяси реформалар, әлеуметтік мәселелер.

*А. Қ. Ешмұратов

Library of the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.
Material received on 22.06.22.

THE GREAT DEPRESSION AND MODERN KAZAKHSTAN REALITY. ARE WE LEARNING FROM HISTORY?

Humanity develops from crisis to crisis. Part of the crisis has become the norm of life, being the result of human activity. Over a long evolutionary time, humanity, states, and societies have learned to find different ways to overcome the crisis. Finding tools for coping with crises has always attracted scientific minds, largely for the reason that people always need a consistent, adequate algorithm of actions. In this article, the author highlights the events of the great crisis in the United States in 1929–1930. The choice of the theme is due to the fact that most researchers tend to perceive the US policy to overcome the Great Depression as a kind of ideal type and model of overcoming. Along with that, the crisis has become one of the most dramatic pages in US history. Mass unemployment and the emergence of a large number of homeless people led to the emergence of Hoovervilles (slums, modern analogs of favelas and shantytowns – «vremyanki») which became the personification of that era.

The paper attempts to draw a historical analogy with the realities of Kazakhstan. Revealing the cause of the crisis, the author pays special attention to the role of the oligarchy, which became its main cause. Thanks to building a balanced and fair socio-economic policy managed to lead the United States out of the profound crisis. It is obvious that F. Roosevelt's policy aimed at the development of human capital subsequently made it possible for American society to achieve great achievements.

Keywords: oligarchy, institutions, Second Republic, political reforms, social problems.

<https://doi.org/10.48081/NTUS1089>

***А. Жамашев¹, М. Әбділла²**

^{1,2}Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

XV–XVI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИСЛАМ ӘЛЕМІНІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ДІНИ, ҒЫЛЫМИ ЖАҒДАЙЫ

Бұл мақалада Мулла Али әл-Қаридің өмір сүрген кезеңіндегі ислам әлемінің саяси және ғылыми жағдайы қарастырылады. Мулла Али әл-Қари қазіргі Ауғаныстан аумағында дүние келгендіктен, Ауғаныстанның саяси жағдайына тоқталып өтеміз. Иран жерінде жаңадан құрылған Сафауи мемлекетінің сол ғасырдағы саяси жағдайын, Осман, Өзбек, Моғол мемлекеттерімен қарым-қатынасын баяндап, ел биелеген басшыларын атап өтеміз. Темір ұрпағы Бабыр құрған Моғол мемлекетінің құрылу тарихын бағамдап, көрші елдермен арақатынасы келтіріледі. Мұхаммед әш-Шайбани негізін қалаған Өзбек хандығының Моғол және Сафауи мемлекеттерімен саяси шиеленісі баяндалып, Ауғаныстан аймағына саяси ықпалы айтылады. Осман мемлекетінің қол астына өткен Мекке қаласының саяси ахуалы, Осман сұлтандарының Мекке мен Мадина қалаларына жасаған қайырымдылықтары, Мекке қаласында ашылған білім ордалары баяндалады. Мекке қаласының ғылыми дамуына үлес қосқан білім алқалары, пәтуә берумен айналысқан ғалымдар, Мулла Али әл-Қаримен замандас шафиғи, мәлики және ханбали мәзһабын ұстанған ғалымдардың есімдері аталады. Сонымен қатар, Мулла Али әл-Қаримен үзеңгілес Тақиюддин әт-Тамими әл-Фази, Ибн Нұжайм, Али ибн Мұхаммед ибн Али, Мұхаммед ибн Мұстафа әл-Уәһби секілді ханафи мәзһабының белді ғұламаларының өмірлеріне қысқаша тоқталып өтеміз.

Кілтті сөздер: Мулла Али әл-Қари, Сафауи, Өзбек, Моғол, Осман, Иран, Мекке.

Кіріспе

XVI–XVII ислам әлемінде саяси және діни тұрақсыздық болды. Әсіресе, бұл Мулла Али әл-Қаридің туған мекені қазіргі Ауғаныстан

аймағында кеңінен көрініс тапты. Бұл уақытта Ауғаныстанның саяси және діни жағдайына әсер еткен, шииттік бағытты өзінің діни ұстанымы ретінде қабылдаған Иран жеріндегі Сафауи мемлекеті, Мауаранаһр өлкесінен ығысып Ауғаныстанның оңтүстігі мен Үндістанда құрылған Моғол мемлекеті және Мауаранаһр өлкесінде құрылған Өзбек мемлекеттері пайда болды. Ал, Араб жазирасы мөмлүктерден кейін Осман мемлекеті қарауына өтті. Мулла Али әл-Қари өмірінің басым бөлігін өткізген Хижаз аймағында белгілі бір дәрежеде саяси және діни тұрақтылық болды. Бұл өз кезегінде Меккеде білім беретін ғылым ошақтары мен түрлі ғұламалардың мәжілістері пайда болуына және білім-ғылымның дамуына әсер етті.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы зерттеуде тарихы-хронологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды. Мақаланың негізгі дерек көзі ретінде Ауғаныстан, Иран, Өзбекстан секілді елдерге қатысты жазылған тарихи еңбектер. Сонымен қатар, Мекке қаласының тарихына тоқталып өткен шығармалар.

Нәтижелер мен талдаулар

Мулла Али әл-Қаридің қай жылы дүниеге келгенін нақты білмесек те, ғалым Абдулфаттах Әбу Фудданың болжамына сүйене отырып, өмірінің көбін XVI ғасырдың бірінші ширегінен бастап, ал ғұмырының ақырғы 4-5 жылын XVII ғасырдың алғашқы жылдарында өткізгенін байқаймыз. Бұл кезең ислам тарихындағы аумалы-төкпелі кезең, - деп айтуға болады. Себебі, ислам әлемі ішкі саяси және діни тұрғыдан тұрақсыздыққа тап болды. Ислам әлемінде ішкі саяси және діни тұрақтылық болмаған себепті бірнеше мемлекеттерге бөлінді.

Мулла Али әл-Қари өмір сүрген уақыттағы тарихи-саяси жағдайын баяндайтын болсақ, Мулла Али әл-Қари қазіргі Ауғаныстан территориясында дүниеге келгенін ескеріп, әуелі сол уақыттағы Ауғаныстан аймағының саяси жағдайын баяндаймыз.

XVI–XVII ғасырларда қазіргі Ауғаныстан территориясында екі ғасырға созылған саяси хәм діни тұрақсыздық болды. Ауғаныстан аймағында саяси және діни тұрақсыздық болуының негізгі себебі, шииттік бағытты ресми діни ұстаным ретінде ұстанған Сафауи мемлекетінің, Үндістандағы Моғол мемлекетінің, Мауараннаһрдағы Өзбек хандығы арасындағы Ауғаныстан аймағына өктемдік жүргізу мақсатында болған өзара соғыстары еді.

XV ғасырда Дешті қыпшақ даласындағы әртүрлі түрік-монғол тайпаларының басын қосып, қазақ даласын 40 жылға жақын билеген Әбілхайыр хандығы ішкі саяси бытыраңқылықтан ыдырап, оның орнына Керей мен Жәнібек бастаған қазақ және Мұхаммед Шайбани хан бастаған өзбек хандықтары пайда болды. Темір мемлекеті билік үшін ішкі талас-

тартыстан және феодалдық бытыраңқылықтан саяси күші әлсіреді. Бұл жаңадан құрылған өзбек хандығына Мауаранаһр аймағын жаулап алуына, одан ары Ауғаныстан аймақтарына шабуыл жасауға жол ашты.

Ішкі таластан әлсіреген Темір мемлекетінің жағдайын бағамдай отырып, Мұхаммед Шайбани хан бірнеше мәрте Мауаранаһр өлкесіне жорықтар жасайды. XVI ғасырдың басында Мұхаммед Шайбани ханның әскері Самарқанд пен Бұхараға басып кіріп, жаулап алды. Темір ұрпақтарының бірі Бабыр Ауғаныстан тарапына кетті. Мұхаммед Шайбани хан Гисар, Бұхара, Ташкентті жаулап алып, Хорасанға шабуыл жасайды. 1507 жылы Мулла Али әл-Қаридің туған мекені Герат қаласы Мұхаммед Шайбани ханның қолына өтіп, темір ұрпақтарының иелігіндегі жерлерге шабуыл жасалды. Хорасанды басып алғаннан кейін, Мұхаммед Шайбани хан Сырдария өзенінен бастап Орталық Ауғаныстанға дейінгі ұлан-байтақ аймақтың билеушісі атанды. Мұхаммед Шайбани хан одан ары алға жылжуы Сафауи мемлекетінің билеушісі Исмаил шаһтың әскерімен жолы бөгеледі [1, б. 116]. Өзбек хандығын басқарған Шайбани әулеті осы ұлан-байтақ жерді 100 жылға жуық билеп, Мулла Али әл-Қаридің өмірінің соңғы жылдарында ішкі бытыраңқылықтан өмір сүруін тоқтатты. Бұл әулеттен шыққан Убайдулла, Абдулла хан I, Абдулла хан II және тағы да басқа билеушілер ел биледі.

XVI ғасырдың алғашқы жылдарында Иран жерінде Ауғаныстанның саяси және діни жағдайына әсер еткен, шииттік бағытты өзінің діни ұстанымы ретінде ұстанған Сафауи атты мемлекет құрылды.

Катерино Дзеноның деректері бойынша, 1499 жылы Исмаил Сафауи Тебризде болғанда, Аккойлыларды басқарған Мұрат сұлтан 30000 әскермен Бағдаттан Тебризге қарай жорық жасайды. Екі әскер Тебриз маңындағы далада кездесіп, бұрын болмаған қиян-кескі ұрыс болып, 30000 әскердің денесі сол далада қалды. Бұл соғыс толықтай сұлтан Мұраттың талқандалуымен аяқталды. 1501 жылы Исмаил Сафауи мен Ақ қойлылардың бір бөлігін басқарған Әлбанд мырза арасында, Ирс өзенінің жағасында қақтығыс болып, Әлбанд мырза жеңіліске ұшырайды [2, б. 21]. Сафауи мемлекетінің құрамына Иран, Армения, Оңтүстік Түркіменстан, Ауғаныстан және Әзірбайжан аймақтары кірді.

Сафауилер ислам дінінің шииттік бағытын ұстанды. Екі ғасырдан астам өмір сүрген Сафауи мемлекеті сунниттік бағытты ұстанған мұсылмандарды шииттік бағытты ұстануға мәжбүрледі және қудалады. Көптеген ғалымдарды өлтіріп, кітаптары мен шығармаларын өртеді. Алайда, жаңа зерттеулерге сәйкес, шейх Сафи әд-Дин сунниттік бағытта ұстанған және шығу тегін төртінші халифа Алиммен байланыстырмаған. Шамасы, Сафи әд-Диннің ұлы және

ізбасары шейх Садр әд-Дин көпшілік халық арасында өз ықпалын сақтап қалу үшін, шииттердің имамия бағытын ұстанған. Себебі, шииттік имамия бағыты шаруалар мен қалалық кедейлердің арасында кең тараған еді. Сол уақытта, Сафи әд-Диннің шығу тегі шииттердің жетінші имамы Муса Қазыммен (қ.б.ж. 799) байланыстырылған аңыз тараса керек. Бұл аңыз Сафауи әулеті өзінің саяси әрекеттерін негіздеу үшін керек болды [3, б. 252].

Сафауи мемлекеті сунниттік бағытты ұстанған мұсылман мемлекеттеріне қарсы үнемі жорықтар жасап отырды. Сафауи мемлекеті мен Осман халифаты арасында көптеген қақтығыстар болып, бірнеше мәрте бейбіт келісімге келді. Осман халифатының ұлы сұлтандарының бірі Сүлеймен Қануни үлкен әскермен Иранға қарсы соғыс ашып, Әзірбайжаннан Сұлтаниеге дейінгі аумақты басып алды. Сол кездегі Сафауи шаһы Тәһмасып партизандық соғыс тәсілі арқылы қорғанып, османлылардың кейін шегінуге мәжбүр етеді. Сұлтан Сүлеймен Қануни 1555 жылы Иран – Осман мемлекеттері тарихында «Амасие бейбіт» деп аталатын келісімге қол қоюға мәжбүр болады. 1629–1643 жылдары Сафауи хандығын билеген Сафи шаһ уақытында, османлылар өзара ішкі таластарыстан әлсіреген Сафауилерге жорық жасайды. Екі ел арасындағы шайқастар нәтижесінде 1640 жылы екі ел «Қасыр ширин» келісіміне қол қойды. Сафи шаһ және оның ізбасарлары бұл келісімді сақтауға үлкен мән берді. Себебі, Иран-Осман арасындағы бұл келісім екі тарапқа да тиімді болып, бір ғасырға жуық екі ел арасында қақтығыстар болмады [4, б. 170].

Сафауи мемлекеті Хорасан мен Ауғаныстан аумағын өз ықпалында ұстау үшін, Моғол хандығымен және Өзбек хандығымен тоқтаусыз күрес жүргізді. Сафауилердің алғашқы шаһы Исмаил Хорасан аумағының көп бөлігіне үстемдігін орнатқан Өзбек ханы Мұхаммед Шайбаниға қарсы жорық жасады. Исмаил шаһ пен Мұхаммед Шайбани хан арасында 1510 жылы Мерв маңында шешуші шайқас болды. Бұл соғыста Өзбек әскері ойсырай жеңіліп, Мұхаммед Шайбани хан сол шайқаста қаза табады. Дәл солай Сафауилер мен Моғол хандығы арасында Ауғаныстанның оңтүстік аумақтары үшін үздіксіз қақтығыстар болып отырды. Осылайша Ауғаныстанның оңтүстік аумақтары бір елден екінші елге өтіп, соғыс алаңына айналды. Сафауилер Иран, Әзірбайжан, Армения, оңтүстік Түркіменстан және Ауғаныстан жерлеріне екі ғасырға жуық өз билігін жүргізіп, билік басында Исмаил шаһ (1502–1524), Таһмасыл шаһ I (1525–1577), Исмаил шаһ II (1577–1578), Мұхаммед Ходанбанде (1578–1589), Аббас I шаһ (1588–1629), Сафи шаһ (1629–1643), Аббас II шаһ (1643–1667), Сүлеймен Сафауи шаһ (1667–1694), Сұлтан Хусейін шаһ (1694–1724), Таһмасыл II шаһ (1724–1733), Аббас III шаһ (1733–1736) секілді шаһтар болып, Сафауилердің билігі 1736 жылы өз мәресіне жетті.

XV ғасырдың соңында Мауаранаһр аумағы үшін Өзбектер, Әмір Темір ұрпақтары үшін және Моғолстан құрамынан шыққан шағатайлар арасында кең ауқымды және ұзақ уақытқа созылған соғыстар болды. Бұл соғыста өзбектерді бастаған Мұхаммед Шайбани хан үстем болды. XV ғасырдың аяғы XVI ғасырдың басында ішкі талас-тартыстан әлсірген Әмір Темір ұрпақтарын Шайбани әулеті Мауаранаһр аумағынан ығыстырып шығарды. Осылайша XVI ғасырдың басындағы Ауғаныстан тарихы Ферғанадан шыққан, Үндістандағы Ұлы Моғол мемлекетінің негізін салушы, қолбасшы, ақын және «Бабырнама» тарихи шығармасының авторы Заһируддин Мұхаммед Бабыр есімімен тығыз байланысты. Бабыр өзінің жастығына қарамастан, Орта Азиядағы әскери және саяси қақтығыстарға белсене қатысты. 1494 жылы Бабырдың әкесі, Ферғана аумағының басшысы Омар шейх қайтыс болды. Ферғана бектері 11 жасар Бабырды Ферғананың басшысы етіп жариялады. Жас басшы көптеген жаулармен күресуге тура келді. XV ғасырдың аяғында Орта Азияда Темір ұрпақтары арасында бірлік болмай, өзара талас-тартысты. Темір ұрпақтары арасындағы талас-тартысты пайдаланған Мұхаммед Шайбани хан, Орта Азияны өзіне бағындырып, Бабырдың ең қауіпті жауына айналды. 1500 жылы Бабыр Самарқандты бірнеше уақыт иелік етіп тұрғанымен, соңында толықтай жеңіліп, Мауаранаһрды тастап кетуге мәжбүр болды [5, Т. 2, 7 б.].

1503 жылы Бабыр өзінің туған жерін тастап, Хорасанға аттанды. Ол 200–300 әскермен Әмудариядан өтіп, Баиянға қарай бет алды. Сол жағалауда Хусрау шаһтан бөлініп кеткен көптеген әскерлер, Бабырға келіп қосылды. Сол уақытта, Мұхаммед Шайбани ханның Хисар және Құндызға келе жатқаны туралы хабар алып, Бабыр Кабулге қарай аттанды. Сол кезеңде, Кабул жас һәм тәжірбиесіз Муқимның қолында еді. Бабыр Кабулге жақындап, оны қоршап, Муқиммен келіссөз жүргізеді. Муқим Бабырдың аман-есен жібереміз деген уәдесінен кейін Кабулды беруге тура келді [6, б. 105]. Бабыр Кабул аумағын өз иелігіне өткізгеннен кейін, Әмір Темір мемлекетінен қалған мұрагерлік жерлерін қайтару үшін жасаған бірнеше жорықтары сәтсіз аяқталып, Үндістанға бірнеше жорық ұйымдастырып, сәтсіздікке ұшырады. Бабыр 1526 жылы Делидің солтүстігіндегі Панипат аумағына жаңа жорықтар жасап, Дели сұлтаны Ибраһим Лоди бастаған әскерді талқандайды. Осылайша Бабыр Ұлы Моғол мемлекетінің негізін қалайды [7, б. 42]. Әмір Темірден тараған түркілер басқарған Моғол мемлекеті өркендеп дамыған уақытында, Ауғаныстанның оңтүстік-шығыс және оңтүстік аумағын, Үндістан аумағына түгелге дерлік билік жүргізді.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде мәмлүктер билігі құлап, мәмлүктер иелігіндегі Шам, Хижаз, Йеменнің бір бөлігі және Мысыр аумақтарына Осман мемлекеті өз билігін жүргізді. Солтүстік Африка елдері Крестшілерге қарсы күрестің негізгі орталығына айналды. Содан кейін, XVI ғасырдың екінші

жартысынан бастап, Осман мемлекеті Солтүстік Африка жерлеріне өз үстемдігін жүргізе бастады. Испандықтардың негізгі нысанасына Триполи қаласы болып, 1510 жылы Триполиды жаулап алды. Тунис елін басқарып тұрған әл-Хафсия әулеті испандықтарға қарсы тұрса, Марокканы басқарған Бану Марин Португалияға қарсы бас көтерді [8, б. 18].

Осман мемлекеті Хижаз аумағына билігін жүргізген уақытта, Хижаз аумағының билеушісі Баракат әс-Сәни ибн Мұхаммед болатын. Ол билікті әкесінен мұрагерлік арқылы алып, Хижаз аумағына 1525 жылға дейін билік жүргізді. Осман мемлекеті 1517 жылы Мәмлүктерді жеңгеннен соң, Баракат әс-Сәни басласы Мұхаммед Әбу Нәмиді Каирге аттандырып, Сұлтан Сәлимнің билігін мойындайтынын жеткізеді. Сол уақыттағы Осман мемлекетінің сұлтаны Сәлим, Баракат әс-Сәниді Хижаз аумағының билеушісі етіп тағайындайды [9, б. 242].

Баракат әс-Сәни 1525 жылы қайтыс болғаннан кейін, үлкен ұлдарының бірі Мұхаммед Әбу Нәми жиырма жасында Хижаз аумағына билік етті. Мұхаммед Әбу Нәми ел ісін басқаруда және үкім жүргізуде қаталдығымен, парасаттылығымен ерекшеленді. Мұхаммед Әбу Нәми билік жүргізген уақытта, Меккеде ешқандай толқулар орын алмай, тұрақтылықта болды. Мұхаммед Әбу Нәми 1567 жылы жасының егде тартқанына байланысты биліктен бас тартып, ұлы Хасан ибн Әбу Нәмиге орын берді. Хасан ибн Әбу Нәми 1567–1602 жылдары билік жүргізді. Ол туралықпен, әділдікпен билік жүргізді. Хасан ибн Әбу Нәми ғылымды және ғалымдарды өз қамқорлығына алып, ақындарға сый-сияпат беріп, кітап жазушыларды ынталандыратын. Ол дала мен қаланы тыныштықта, тұрақтылықты және амандықта басқарды. Тіпті, сауда керуендері еш күзетсіз, саудасын жасап сапарлап жүре беретін. Хасан ибн Әбу Нәмиге Хижаз аумағын билеуе ұлы Әбу Талиб көмектесті. Содан кейін, Хасан ибн Әбу Нәмиге Абдуррахман ибн Абдулла әл-Хадрамиді уәзір етіп тағайындайды. Уәзір зұлымдық жасаушы, жалғанды жалпағынан басқан, адамдар мен қажылардың дүние-мүлкін жалғандықпен жейтін жан еді. Хасан ибн Әбу Нәми өмірден өткеннен кейін, ұлы Әбу Талиб ибн Хасан 1602–1604 жылдары Меккені басқарды. Әбу Талиб ибн Хасан әкесінің уәзірін ұстап, түрмеге жапты. Ол түрмеде өзіне қол жұмсап, өмірмен қош айтысты [10, б. 6]. Содан кейін, ел аумағында әділдік, амандық, тұрақтылық орнады. Әбу Талиб ибн Хасан қайтыс болғаннан соң, Мулла Али әл-Қаридің өмірінің соңғы уақыттарында, Әбу Талиб ибн Хасан балаларының арасында билік үшін талас-тартыс басталып, ел жағдайы нашарлай түсті.

Осман сұлтандары Мекке мен Мадинаның қадір-қасиетін және биік дәрежесін біліп, Мекке мен Мадина халқына үнемі көмек қолын созатын. Мұхаммед I Мекке мен Мадина тұрғындарына мал-мүлкінің бір бөлігін үлестіріп

берсе, оның ұлы Мұрат II жылына 3500 динар мөлшерінде болатын мал-дүниесін Меккеге жіберсе, Мұхаммед II үнемі Мекке мұқтаждарына сый-сияпатын көрсетсе, Баязид сұлтан әр жылы Меккеге 1000 динар жіберуді бұйырды [11, б. 392]. Сұлтан Сәлим I Мекке мен Мадина тұрғындарына 7000 әрдәбб бидай жіберуді бұйырды. Оның 5000 әрдәббі Мекке тұрғындарына, 2000 әрдәббі Мадина тұрғындарына үлестіріп берілді. Әскер мен саударнерлерді қоспағанда, әрбір тұрғынға 4 килограмм бидай және бір динардан үлестіріп берілді [10, б. 8]. Қасиетті Мекке мен Мадинаның биік дәрежесі мен қадір-қасиетін білген Осман сұлтандары ұзақ уақыт Мекке мен Мадина халқына жәрдем, көмектерін көрсетті.

Мулла Али әл-Қари өмір сүрген уақытта ислам әлемінің саяси және діни ахуалы күрделі еді. Әсіресе, Сафауи, Моғол және Өзбек мемлекеттері Ауғаныстан аймағына саяси ықпалын күшейтпек болып, өзара қақтығыстарға жиі түсіп отырды. Ауғаныстан аймағы екі ғасырға жуық ішкі саяси тұрақсыздықта басынан кешірді. Мулла Али әл-Қари өмірінің басым бөлігін өткізген Хижаз аймағын Осман сұлтандары белгілі бір билеуші әулеттер арқылы басқарып, сол аймақта белгілі дәрежеде саяси тұрақтылық болды.

Ғылыми жағдай

Исламтану ғылымдарының даму кезеңдері тұрғысынан қарайтын болсақ, Мулла Али әл-Қари өмір сүрген кезең, Аббаси әулеті билік құрған кезеңде ғылым салалары мен ислам өркениеті шарықтау шегіне жетіп, Аббасилер құлғаннан кейінгі кезеңдерде тоқырауға ұшырады. Бұл кезеңде ғұламалардың көпшілігі ықшамдалған еңбектер мен түсіндіремелер жазумен айналысты. Бұл үрдіс барлық ислам ғылымдарының салаларында көрініс тапты. Бұл туралы Ибн Халдун «Кейінгі келген көптеген ғалымдар ықшамдап еңбек жазумен айналысты. Олар әрбір ғылым саласына қатысты мәселелері мен дәлелдерін ықшамдап, мухтасарлар жазды. Артық сөзден сақтанып, аз сөзбен көп мағына беруге тырысты. Бұл жазылған кітаптарды түсіну қиынға соқты. Бәлкім, Олар негізгі кітаптарға арқа сүйесе керек. Олар жаттауға жеңіл болу үшін ықшамдалған мухтасарлар жазды. Бұл ілім үйретудің бүлінуіне, ілім алуға залалын тигізді. Көптеген білім алушылар мағынансы түсініксіз сөздердің мағынасын зерттеумен айналысты, ықшамдалған кітаптардан мәселелерді шығару қиын болды және мәтіндерді түсінуге көп уақыт керек», – деп мухтасар кітаптардың кемшін тұстарын баяндап берді. Ибн Абидин мухтасар кітаптарының тым ықшам жазылғандығын және түсінудің оңай еместігін айтып шағымданған [12, б. 118]. Сол себепті, ғұламалар мухтасар кітаптарға түсіндірмелер (шарх), түсіндірмелердің өзі ықшамдалып жазылғандықтан, түсіндірмелерге түсіндірмелер (хашия) жазды. Бұл ғалымдардың қатарында Мулла Али әл-Қари де болды.

Мулла Али әл-Қари өмір сүрген кезеңде Мекке ғылым ордасына айналды. Әсіресе, Мекке мен Мадина Осман мемлекетінің басқаруына өткенде. Меккеде көптеген ғалымдардың әртүрлі шариғи ғылым мәжілістері бар еді. Олардың ішінде Шиһабуддин Әбу әл-Аббас Ахмад ибн Мұхаммед ибн Али ибн Хажар әл-Һайтами, Әбу әл-Хасан әл-Бақри Мұхаммед Жәләлуддин Мұхаммед ибн Абдуррахман ибн Ахмад ас-Садики әш-Шәфиғи әл-Мысри, Али әл-Муттаки әл-Һинди есімімен танылған Алауддин Али ибн Хисамуддин Абдулмалик ибн Қадихан, Әбу әл-Хасан Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Абдуррахман әл-Бақри, Нуруддин Әбу әл-Хасан Али ибн Мұхаммед әл-Хижазид әл-Мәдәни, Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн әл-Хаттаб ар-Рағини әл-Мәлики әл-Мағриби, Абдулазиз ибн Абдулауахид әл-Мәдәни, Иззуддин Абдулазиз ибн Али ибн Абдулазиз әш-Ширази әл-Макки әш-Шәфиғи, Афифуддин Абдулла ибн Ахмад әл-Фақиһи әл-Макки, Зайнуддин Абдулкадир ибн Ахмад ибн Али әл-Фақиһи әл-Макки әш-Шәфиғи, Жамалуддин Мұхаммед Жарулла ибн Абдулла Әмин ибн Заһира, Зайнуддин Атоя ибн Али ибн Хасан әс-Сәлми әл-Макки әш-Шәфиғи, Бадруддин Хусейін ибн Әбу Бақр ибн Хасан әл-Хусейни, Шиһабуддин Ахмад ибн Бадруддин әл-Аббаси, Қутубуддин Әбу Иса Мұхаммед Алауддин Ахмад ибн Шамсуддин Мұхаммед ибн Қадихан Махмуд ән-Нәһрауәли секілді төрт мәзһаб ғалымдарының, түрлі шариғи мәжілістері бар еді [8, б. 31].

Мекке ғалымдары әртүрлі мәселелерге пәтуа берумен айналысты. Төрт мәзһабтың өз муфтилері болды. Олардың барлығына ханафи мәзһабының муфти басшылық жасады. Сол кезеңде пәтуа беру қызметін әл-Қатби әулеті атқарды. Бұлардан кейін, Мулла Али әл-Қариден тәлім алған Абдуррахман әл-Муршиди пәтуа беру қызметін атқарды. Мулла Али әл-Қари өмір сүрген кезеңде, Сұлтан Сүлейменнің бұйрығымен, Сүлеймания медреселерінің негізі қаланды. Сүлеймания медреселері төрт медреседен тұрды. Әрбір медресе төрт мәзһабтан, Мекке ғалымдары ислам ғылымдарынан дәріс берді. Бұл медресе Сүлейменнің баласы Сәлимнің басқарған кезеңінде толық аяқталды [10, б. 12]. Бұл медреселердің Меккедегі ғылымның дамуына ерекше үлес қосты. Бұл медреселерден атақты ғалымдар мен қадірлі ұстаздар білім алды. Олар дәріс беру, ілім тарату, қазылық ету және пәтуа беру секілді қызметті атқарды.

Сонымен қатар, Мулла Али әл-Қари Әбу әс-Сағадат Мұхаммед ибн Ахмад ибн Али әл-Макки, Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Әбу Бақр әс-Судани, Мұхаммед ибн Яхия ибн Омар ибн Ахмад ибн Юнус Бадруддин әл-Қарафи, Сәлим ибн Мұхаммед Иззуддин ибн Мұхаммед Насыруддин Санһури әл-Мысри, Абдуррахман ибн Абдулкадир әл-Малики, Мұхаммед ибн Али ибн Мұхаммед ибн Али әл-Малики секілді малики мәзһабының ғалымдары, Мұхаммед ибн Мұхаммед Абдуррахман әл-Баһдасси әш-Шафиғи ән-Нақышбанди әл-Халуати, Мұхаммед ибн Ахмад ибн Хамза Шамсуддин ар-Рамли, Али ибн Исмаил ибн

Исамудин Ибраһим ибн Мұхаммед Арабшаһ әл-Исами әш-Шафиғи әл-Макки, Яхия ибн Абулла әл-Мысри әш-Шафиғи, Али ибн Яхия әз-Зияди әл-Мысри Нуруддин сияқты шафиғи мәзһабының ғұламаларымен замандас болды [13, б. 17].

Сол уақытта Мулла Али әл-Қаримен үзеңгілес, замандас Әбу Ханифа мәзһабының көптеген ғалымдар өмір сүрді. Төменде оларға қысқаша тоқталып өтеміз:

Белгілі ислам құқығы ғалымы Мұхаммед ибн Мустафа әл-Уәни (қ.б.ж. 1000). Белгілі ислам құқығы ғалымы. Өз елінде дәріс беріп, қазылықпен айналысқан. Оның «Нақд әд-дурар», «Исбат әл-масмұғат», «Қараһия әз-зикр уә сала ар-рағайб» атты бірнеше еңбектер бар [14, Т. 12, б. 33].

Махмуд ибн Барақат әл-Бақани Нуруддин әд-Димашки (қ.б.ж. 1003). Шығу тегі Наблустен, Дамаск қаласында туған және қайтыс болған. Оның «Маҷра әл-анһар шарх мултақа әл-абхар, атты түсіндірме еңбегі бар [13, б. 18].

